


ЕЛ ІШІ - ЖҰМАҚ МЕ



«Ақын болу оңай
деймісін қарағым,
Аузында жүру бұл сызда-
ған барлық жаранын», - деп

барұлы Әбдікеровті құрмет-
пен сахна төріне шақырды.
- Ауданымыздан шыққан
шалқар шабыт иесі Тезекбай



атақты ақын Төлеген Айбер-
генов жырлағанындай Кен-
шоқы ауылында туып, Шеж-
ірілі Шет өңірінің дарынды,
асқақ рухты ақыны атанған
Тезекбай Амандықұлының
«Ел іші - жұмақ мекенім»
атты өлеңдер жинағының
шығуы ауылдағы жұртшы-
лыққа, қалың оқырманға зор
қуаныш сыйлады. Осының
айғағындай аудандық мәдени-
ет үйінде өткізілген кітаптың
тұсаукесеріне жыр сүйер
қауым, аудан тұрғындары
әдеттегіден көп жиналған.
Әрбір сөзін жауһар ойлар-
мен өре тұсаукесерді ашып,
әсеметіп жүргізіп отырған
Қарағанды қаласынан ақын
ағасының тойына арнайы
келген, сері ақын Серік
Сағынтай ортаға осы шараны
ұйымдастыруға қолдау
білдіріп, демеушілік жасаған
аудан әкімі Рысқали Қалиақ-

Амандықұлының кітабының
жарыққа шығуына, сырлы
әлемнің айдынында еркін
жүзуіне тілекші ретінде
қолдау білдіргеніміздің өзі
ақынға деген ерекше құрмет
екені даусыз. Небір ғұлама-
лар-ға, небір өнердің майтал-
мандарына, небір сөздің
сүлейлеріне кенде болмаған
қасиетті жерден шыққан
ақын ағамыздың мерекесі
үшін қол соғып, қошемет
білдіруге әбден болады.
Ақындық ғұмырыңыз да,
адамдық ғұмырыңыз да
ұзағынан болсын. Әрдайым
ақын атаулыға ел құрметі
жоғары. Өйткені Шет өңірі -
ақынын ардақтаған ел,- деген
ізгі ниетін білдірген аудан
әкімі ақын ағаға қазақы
дәстүрмен иығына шапан
жауып, С.Сейфуллиннің 120
жылдық мерейтойына арнап
өткізілген мүшайрада бас

жүлдені жеңіп алған Те-
зағаңа ақшалай сыйлығы мен
мақтау қағазын қоса табыс
етті.

Бұдан соң сахна төріне
көтерілген аудандық мәдени-
сауық орталығының «Аюлы»
квартетінің әншілері «Қаза-
ғым» әнін нақышына келтіре
орындап, жиналғандарға
тамаша көңіл күй сыйлады.
Кеште кестелі сөздің келісін
келтіре сөйлеген ауданның
Құрметті азаматы, филология
ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР Мәдениет
қайраткері Меуен Хамзин
көркем өрілген өлеңдерімен
көп көңілге нұр сепкен

ақынды дәріптеген жер-
лестеріне, аудан әкіміне
ризашылығын білдіріп,
жазғандарын қалың
жұртқа жеткізуге жол
ашқан Тезағаңа ақ
тілегін жаудырып, жарық
көрген "Қаз дау-ысты
Қазбек би"энциклопедия-
сын тарту етті.

Кеудесін жарып
шыққан өлеңдері өрге
ағып, талайды таң қалды-
рған Тезекбай ақынның
әр жол өлеңі, әр шумағы
кымбат. Өйткені онда
өмір бар, қас талант
тыңнан қиыстырған
шеберлік бар.

Баба жолы ұрпағына
жалғасқан,
Бар қазір де ұландарың
алдаспан.
Атағынды аспандатты
емес пе,
Академик, ғалымдарың
маркасаң.

Ақ селеулің, боз
жусанды бақ далам,
Мактана алсам - тек
өзіммен мақтанам.

Керегі жоқ бас айналар

атақ, даңқ,
«Шеттің ұлы» деген жетер
ат маған, - деп кеште өр
суындай тасып, тебіренген
екпінді ақынның өлеңдерін
тыңдаған жұртшылық
дүркірете қол соғып, үлкен
қошемет білдірді.

Тұсаукесер кешінде
белгілі жазушы, ҚР Жазу-
шылар Одағының бас-қарма
мүшесі, жазушы, тарихшы
Өмір Кәріп, ақын, Шет
ауданының Құрметті азаматы
Алтай Смет, ауданның
Құрметті азаматы Боранбай
Жұмкиндер ақынға тілектерін
білдіріп, өлеңдерін арнап,
ақынның арғы-бергі тарихы-
нан сыр тербеді. Мерекеде
Тезағаңмен жоғары оқу
орнында бірге оқыған, жас-
тық шағының куәгері, Қара-
ғанды қаласынан келген

ЕКЕНІМ

акын Сәбит Бексейіт студент кездері жайлы әсерлі естеліктерімен бөлісіп, баспадан жарық көрген, сиясы әлі кеппеген "Шер мен Зер" атты жаңа кітабын ақынға тарту етіп, иығына шапан жапты. Әдемі кешті күй әуенімен тербеген күйші Қайрат Мұстафин Сүгірдің "Кер-толғауын" орындап, жүректерге жылылық ұялатты. Сондай-ақ, кеште қоңыр даусымен зал ішін күмбірлеткен Ж.Елебеков атындағы республикалық ән байқауының жеңімпазы, дәстүрлі әнші Ардақ Мұқыш Біржан салдың әні "Ақтен-текті" нақышына келтіре орындап, толымды ой арнасын



тоғыстырған жыр кешін әуенге бөледі.

Әдемі әуенмен өрленген акын кешіне Қарағандыдан жырын арқалап арнайы келген айтыскер акын Тілеген Әділов, облыстық "Орталық Қазақстан" газетінің тілшісі Жәнібек Әлиман ақ тілектерін білдіріп, өлең жырларын тебірене оқып көрермен көңілін іңкәр әлемге жетелей, көкке самғата білді.

Оқырман жүрегін нұрлы шуаққа бөлеп, рухына қанат бітірген нағыз поэзия кешінде жиналған жұртшылық акын ағамыздың шығармашылық еңбегі жайлы жасалған бейнефильмді тамашалады.

Махаббат тендеуі жоқ ұлы сезім. Осы тақырыпқа ән арнамаған сазгер де, жыр жазбаған акын да жоқ шы-

ғар. Сыңғырлаған сұлудың күлкісін, нәзік жүрегін, қос аққудың пәктігін жырына сыйғызған Тезекбай Аман-дықұлы осы тақырыпқа арнаған бірнеше өлең жырларын жиналған қауымға ұсынды. Тебірене оқылған өлеңдері жиналған жұртшылықты өлең-жырдың ләззатына бөлеп, поэзияның күдіретін тағы бір паш етті.

Шығармашылық кеш барысында акын сөзіне жазылған «Сағыныш» әнін Мира мен Айдын Асылбековтер әуелете шырқап, жиналғандардың ыстық ықыласына бөленді.

Акын кітабының тұсаукесер кешінде мектеп оқушысы Талшын Жәкен, акынның немерелері Абай Бақтиярұлы мен Аяулым Әнуарқызы акынның жыр жинағына енген өлеңдерін мәнеріне келтіре оқып берді.

Өлең өрілген кеште аудандық мәдени-сауық орталығының әншісі Гүлмира Жұмабекова «Әке туралы жыр» әнін орындап, кештің шырайын кіргізді. Өнер әлемінде өлеңге деген адалдығы мен шексіз махаббатының арқасында шалқар шабытты өлеңдерімен ел жұртына таныла білген акын жырларына сусындаған халықтың кештен ерекше әсералғандығы соншалық, ақынға көрсетілген құрмет пен ыстық лебі бірден сезіліп тұрды. Тұсаукесер соңында С.Аманай, Ж.Тайжанов, Е.Тілеу-берлиндер «Өз елім» әнін орындап, әдемі кешті аяқтады.

Кештен үлкен әсермен тараған біз де «елі ардақтаған акын Тезекбай ағаны ұлы Абайдың әруағы қолдасын» деген ақ ниетімізді білдірдік.

**Салтанат
ЖОСАЛБАЙ.
Ақсу-Аюлы ауылы.**

